

**«Жарылқасын» бөбекжай балабақшасы ЖШС**

**Өндірістік кеңес хаттамалары**

**ЖШС «Жарылқасын» бөбекжай балабақшаның өндірістік кеңестің**

**№1 Хаттамасы**

Қатысқаны- 15

31.08.2021ж.

Қатыспағаны-2

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

- 1.2021-2022 оқу жылының дайындығы туралы
- 2.Балабақшаның ішкі еңбек тәртібінің ережелері және қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бекітіп таныстыру
3. Балабақша топтары туралы анықтама, олардың сапалық құрамы
4. «Бала өмірі мен денсаулығын қорғау» қауіпсіздік ережелері туралы нұсқау жүргізу.
- 5.Комиссия мүшелерін сайлау.

Бірінші сұрақ бойынша:Балабақша меңгерушісі Саржанов Алимжан сөз кезегін алды.

Өз ой пікірлерін айтып өтті.Жаз айларында белгіленген жөндеу жұмыстары толығымен орындалды.Балабақшаның іші сырты толығымен әктеліп,сырлаһып,түскен жерлері сыланды.“Білімнің негізі - балабақшадан” деген қағиданы бетке ұстап әр балаға жағдай жасауымыз керек.Жөндеу жұмысын қызметкерлердің өз күшімен орындалды. “Бала тәрбиесі – бесіктен басталады” деген ұлы қағидаға сүйенеғ отырып балабақшаға келген бала қоршаған ортасы талапқа сай болу керек.Жақсы тәлім-тәрбие алуына ықпал жасауымыз керек.Әрбір балаға жеке мән беріп күнделікті жұмыстарын орындау қажет деді.

Балабақша әдіскері Басынбекова Латифа.

Жаз мезгілінің еңбек демалыстары толық демалып қызметкерлер жұмысқа кірісті.Қазіргі таңда тәрбиешілердің жұмыс жоспары түзіп,іс-қағаздарын толық ретке келтірген.Жаңа оқу жылына дайындығы жақсы деп атап айтты.

Балабақша психолог Б.Байтемирова сөйледі.

Қазіргі кездегі ең өзекті мәселелердің бірі-мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығы. Баланың денсаулығы мықты, сау болуы үшін не істеу керек, қандай шара қолдану керек? Осы мәселені шешу үшін педагогтар бір пікірге келу керек. Балаларды салауатты өмір салтына баулу, қимылды ойындар мен спорттық сайыстарға қатыстырып балалардың салауатты өмірге деген жағымды көзқарасын қалыптастыруымыз керек – деді.

2. Екінші сұрақ бойынша Ішкі еңбек тәртібімен балабақша меңгерушісі А. Саржанов таныстырды.

Қазақстан Республикасының заңының талаптарына сәйкес бекітілген ережелердің мақсаты-мектепке дейінгі мекеме ұжымының тиімді ұйымдастыруға ықпал ету, еңбек тәртібінің нығайту жолдарымен таныстырылды. Баяндама оқылды. Балабақшада мектепке дейінгі жастағы балалардың оқу тәрбие жұмыстары ұйымдастырылады. Оны ұйымдастыратын жағдай жасайтын осы ұжымның барлық қызметкерлерінің атқаратын өз міндеттері бар. Әрбіріңіз өз лауазымды міндет бойынша міндеттеріңізбен танысып оны орындаймын деп растау үшін өз қолдарыңызды қойыңыздар. Қол қойған уақыттан бастап ең әуелі бала қауіпсіздігі мен денсаулығына жауап береміз. Және де ішкі еңбек тәртіп ережесін қатаң түрде сақтауымыз керек. Ұжымда сіздерден жауапкершілікті, ұйымшылдықты, еңбекқорлықты, бірлік пен ынтымақтастықты көрем деп сенемін. Және сондай болуын талап етемін. Келешек ұрпақ тәрбиесінде аянбай еңбек етіп, ата-аналардың үмітін ақтап, тәжірибемізді, кәсіби шеберлікті арттырайық. Үнемі ізденіс үстінде жүруіміз шарт және де балабақшада жалпы және жеке бас тазалығын сақтап қызметке лайықты формада жүру керектігін ескертемін.

Қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен толық таныстырып кәсіподақ төрайымы Л. Басынбекованың келісімімен бекітілді.

Үшінші сұрақ бойынша: Балабақша топтары туралы анықтама, олардың сапалық құрамы туралы балабақша әдіскері Л. Басынбекова сөйледі.

Биылғы жылға жас ерекшеліктерін ескер отырып 3 топ жинақталды. Жалпы 75 бала. Онда : кіші топ (2 жастан бастап)-25 бала, ортаңғы топ (3 жастан бастап) – 25 бала, ересек топ (4 жастан бастап) – 25 бала болды. Балалардың тізімі жасалды ҰББД қорына және Ситцен сайытына тіркелді. Балалардың қажетті құжаттары жинақталды.

Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында білім беру ұйымында кезекші топтар жұмыс атқарады. Кезекші топтар санитарлық талаптарды қатаң сақтау керектігін ескертті. Әр топта 15 баладан топтастырылды. Қазіргі таңда 3 топта 45 бала тәрбиеленуде.

Тәрбиешілермен тәрбиеші көмекшілер топқа бөлінді.

**Ересек топтың тәрбиешілері :** Омарова А, Нурбекова С

Көмекші тәрбиеші: Гусейнова Р.

**Ортаңғы топтың тәрбиешілері :** Кулшанбаева Н

Көмекші тәрбиеші: Мирзаева Н

**кіші топтың тәрбиешілері :** Эшматова Д

Көмекші тәрбиеші: Мырзакулова М

Төртінші сұрақ бойынша “Бала өмірі мен денсаулығын қорғау” қауіпсіздік ережелері туралы нұсқаулық баяндама. Балабақша әдіскері Л. Басынбекова таныстырды.

Балалардың өмірімен денсаулығын қорғау, олар тәуелсіз мемлекетіміздің білімді, білікті, мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу ең басты мақсатымыз. Ата-аналар өмірінің ең қымбат байлығын балаларын сеніп тапсырған соң, біз олардың өміріне тікелей жауаптымыз деп нұсқаулықты таныстырды.

#### **6. Комиссия мүшелерін сайлау.**

1) Балабақша қызметкерлерінің жұмыс өтілін анықтау және лауазымдық жалақысын есептеу жөнінде төмендегі құрамда комиссия құрылсын.

Комиссия төрайымы: Саржанов А

Комиссия мүшелері: Басынбекова Л. – кәсіподақ төрайымы.

Дусейнова Д – есепші.

Кулшанбаева Н – тәрбиеші.

Омарова А – тәрбиеші.

Нурбекова С – тәрбиеші сайланды.

## ШЕШІМ:

1. Балабақша 2021-2022 оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық.
2. Ішкі еңбек тәртіп ережелеріне сай жұмыс жүргізілсін. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бойынша жұмыстар жүргізілсін.
3. Әр топ тәрбиешілері мен көмекшілері топқа бекітілді.
4. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі өтілген нұсқаулық талаптары сақталсын.
5. Қызметкерлердің еңбек ақыларын есептеуге, оқу-тәрбие бөлімінің бақылау мен басқаруға, арыз-шағымдарды қарауға, келісім педагогтарды аттестаттауға комиссия мүшелері сайланды.

Жиналыс төрағасы:

А.Саржанова

Хатшы:

Басынбекова Л



Өндірістік кеңес отырысы  
Хаттама №2

10.12.2021ж

Қатысқаны- 15  
Қатыспағаны-3

Күн тәртібінде:

- 1.Ішкі еңбек ережелерінің сақталуы
- 2.Балабақшада өрт қауіпсізді ережелерінің сақталуы(Мәлімдеме)
3. Балабақшаның қыс мезгіліне дайындығын және жарық беру мен жылу беру талабының орындалуына есеп беру.
- 4.Балабақшаның санитарлық дағдай

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Саржанов ең алдымен ішкі тәртіп мақсат міндетімен таныстырып өтті. Осы ішкі тәртіптің сипаты заңнамалармен, еңбек шарттары туралы ережелермен және оның төлемақысымен, мекеме Қызметкерлеріне әлеуметтік қызмет көрсетумен, Жұмыс берушінің кепілдіктері және жеңілдіктерімен салыстырғанда қосымша басымдылық болып табылады.

Ішкі еңбекте сонымен қатар қызметкерлердің құқығы жайлы, жұмыс уақыты, еңбек тәртібі демалыс уақыттар жайлы айтылды, және бұл ережелердің орындалып жүргендігін айтты. Кіші қызмет көрсетуші персонал жыл бойы тұрақты жұмыс істеді, ішкі еңбек ереже тәртібінің, лауазымдық нұсқаулықтар бұзушылықтары байқалмады.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Л.Басынбекова сөз сөйледі:

Отпен мұқият болыңыздар.Отпен мұқият болмағандықтан өрт жағдайларының кең тараған уақиғаларына балалардың назарын аударыңыз; баланың отпен, сотқарлығы; сөндірілмеген көмірлер; сөндірілмеген темекі қалдықтары, сірінкелер; саяжай мен орман жиегіндегі жер иелерінің қоқысты жағулары; шөптерді өртеу; қысқа мерзімге тұйықталу; электротехникалық құрылғыларды, тұрмыстық құралдарды, пештерді пайдалану.Балалар табиғаттан бейқам және сенгіш екенін есте сақтаңыз. Балаларда алаңғасарлық болатына назар аударыңыз. Сондықтан, өзін ұстаудың оңай ережелерін балардың есіне жиі салуыңыз, олардың есте сақтап және оны қолдануына мүмкіндік береді. Сіз оны үнемі естеріне салып отыруға міндеттісіз дей келе, өрт қауіпсіздігі шараларының орындалуы жайлы айтып өтті. Және өрт қауіпсіздіне байланысты іс –шаралардың орындалуы, эвакуацилау жайлы біраз мағлұматтар айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша Т.Саржанов сөз сөйледі: Өткен жылда ғимараттың және аумақтың (жартылай) ағымды жөндеу жұмыстары өткізілді. Сатып алынды: топтарға және ас қоймасына арналған ыдыс-аяқтар, электронды таразылар, кеңсе заттары, жуу құралдары; ас қоймасындағы электр жабдықтарының, кір жуу машиналарын ағымды жөндеу жұмыстары өткізілді. Балабақшада барлық негізгі бөлмелерінде табиғи жарық орнатылған, оның ішінде, ұзақтығы жеткілікті инсоляциясы бар. Қысқа дайындық есебінде жылу құрылғыларының суы жаңартылып, құрылғылар іске қосуға дайын екендігін айтты.

Төртінші мәселе бойынша медбике А.Сайлаубаева сөз сөйледі. Біздің балабақшада 3 топ жұмыс жасайды. Әр топтың өз көмекші тәрбиешілері бар. Топтардағы тазалық жұмыстары :

3. Ылғалды жинау.
4. Түбегейлі жинау. (генеральная уборка) болып бөлінеді.

Ылғалды жинау күнде жүргізіледі. Терезелер алды, жылыту құрылғылары, есіктер тұтқасымен, ойын бөлмесіндегі ойыншық шкафтары, тамақ үстелдері, орындықтары, едендер 2 мезгіл жуылады. Төсек кравоттары орнынан қозғалта отырып жуылады. Қабылдау бөлмесінде киім шкафтары үсті мен іші күнде сүртіледі. Асхана буфеттеріндегі шкафтар, жардағы кафельдер, унитаздар жуылады. Әжетхана тазалығы : кафельдер, унитаз, раковиналар дезинфекциялық ерітінді қоса отырып жуылады.

Ойыншықтарды тәрбиешілер бала қабылдамай тұрып және кешкісін бала тараған соң, 2 пайыздық сабынды содалы суда жуып, ағынды суда шаяды.

Түбегейлі жинау: әр айдың соңында бала жоқ уақытта тугел заттарды ортаға жиыстырып, дезинфекциялық ерітінді «ДеоХлор» ерітіндісін қоса жуылады.

Шешім:

1. Ішкі тәртіп ережелері қатаң түрде сақталсын
2. Өрт қауіпсіздік шаралары жоспарға сай орындалып отырылсын.
3. Балабақшаның санитарлық жағдайы сақталсын.

Жиналыс төрағасы:

А.Саржанов

Хатшы:

Л.Басынбекова



Өндірістік кеңес отырысы  
Хаттама №3

25.05.2022 ж

Қатысқаны- 15  
Қатыспағаны-3

**Күн тәртібінде:**

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Жаз мезгілінде болатын аурудың алдын алу.Баяндама.А.Сайлаубаева
- 3.Жазғы жөндеу жұмысы туралы

Тыңдалды.Балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева өткен кеңес шешімдеріне тоқталды.2021-2022 оқу жылының күзгі-қысқы жұмыстары жөнінде жөнінде тоқталды.Балабақшаның жөндеу жұмыстарының жағдайы туралы сөзге шыққан шаруашылық меңгерушісі А.Саржанов әңгімеледі.Топтың іштері кезекпен әктелініп,жөндеу жұмысы уақытында өткерілуде.

Әр аптада тазалық,көгалдандыру,арам шөптен ауланы тазартылып жатқанын айтып өтті.Балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева

Мінекей,жаз мезгіліде келді.Оқу жылы аяқталды.Балалардың жазғы сауықтыру шаралары арқылы балалардың денсаулығын нығайту шараларын ұйымдастыруымыз керек.Бала бақшаға келгенде қоршаған ортасы талапқа сай болуы керек.Жақсы тәлім-тәрбие беруіміз керек.Соған ықпал жасауымыз керек деп ойын білдірді.

- 2.Жазғы сауықтыру жұмыстары бойынша мейірбике А.Сайлаубаева сөйледі.

Жаз мезгілінде балалардың өміріне міндетіміз.Сол себепті балалардың денсаулығын сақтау жұмыстарын жүргіземіз.Балалар жақта бөлмелерді желдету,серуенге ұйымдасқан түрде қауіпсіздік техникасын сақтауымыз керек.Балалармен серуенге,экскурсияға шыққанда үнемі нұсқаулықтармен танысып отыруымыз керек еді.

Тәрбиеші сөзге шықты.

Ата-аналар бізге өмірінің ең қымбат байлығы балаларын сеніп,тапсырған соң,біз олардың сенімін ақтауымыз керек. Балалардың өмірі мен денсаулығына жауапты.Балалардың жазғы сауықтыру кезінде денсаулығына өте көп көңіл бөлуіміз керек.

Балалардың арасында достық орнатып, ата-аналармен тығыз байланыста болуымыз керек.

Балаларға эстафеталық жарыстар ұйымдастырып, ертегілер қойылымдар сахналап үйретуіміз керек деп ойын білдірді.

Балабақша әдіскері Л.Басынбекова жаз мезгіліндегі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне сабақ кестесін түзіп таныстырды. Оқу жүктемелері 5 сағат уақыты әр топтың жас ерекшелігіне қарай бөлінді. Оқу қызметі жалпы шығармашылық білім саласы бойынша танып білім саласынан алынды. Оқу қызметінің кестесі қоса тіркелді.

Жиналыс соңынан меңгеруші У.Бектыбаева еңбек демалыстарда жақсы демалып, жазғы сауықтыру жұмысына кірісуін айтып өтті. Жиналыс соңынан ортақ шешім қабылданды.

#### ШЕШІМ:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалуда.
2. Жаз мезгілінің және асхананың техникалық нұсқаулықтарын толық танысып шықсын.
3. Жазғы сауықтыру жоспары және жаз айларының оқу қызметінің кестесі бекітілсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



У.Бектыбаева

Л.Басынбекова

**ЖШС «Жарылқасын» бөбекжай балабақшаның өндірістік кеңестің**

**№1 Хаттамасы**

Қатысқаны- 15

26.08.2022ж.

Қатыспағаны-3

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

- 1.2022-2023 оқу жылының дайындығы туралы
- 2.Балабақшаның ішкі еңбек тәртібінің ережелері және қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бекітіп таныстыру
3. Балабақша топтары туралы анықтама, олардың сапалық құрамы
4. «Бала өмірі мен денсаулығын қорғау» қауіпсіздік ережелері туралы нұсқау жүргізу.
- 5.Комиссия мүшелерін сайлау.

Бірінші сұрақ бойынша:Балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева сөз кезегін алды.

Өз ой пікірлерін айтып өтті.Жаз айларында белгіленген жөндеу жұмыстары толығымен орындалды.Балабақшаның іші сырты толығымен әктеліп,сырланып,түскен жерлері сыланды.“Білімнің негізі - балабақшадан” деген қағиданы бетке ұстап әр балаға жағдай жасауымыз керек.Жөндеу жұмысын қызметкерлердің өз күшімен орындалды. “Бала тәрбиесі – бесіктен басталады” деген ұлы қағидаға сүйеніп отырып балабақшаға келген бала қоршаған ортасы талапқа сай болу керек.Жақсы тәлім-тәрбие алуына ықпал жасауымыз керек.Әрбір балаға жеке мән беріп күнделікті жұмыстарын орындау қажет деді.Балабақша әдіскері Басынбекова Латифа.

Жаз мезгілінің еңбек демалыстары толық демалып қызметкерлер жұмысқа кірісті.Қазіргі таңда тәрбиешілердің жұмыс жоспары түзіп,іс-қағаздарын толық ретке келтірген.Жаңа оқу жылына дайындығы жақсы деп атап айтты.

Балабақша психолог Б.Байтемирова сөйледі.

Қазіргі кездегі ең өзекті мәселелердің бірі-мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығы. Баланың денсаулығы мықты, сау болуы үшін не істеу керек, қандай шара қолдану керек? Осы мәселені шешу үшін педагогтар бір пікірге келу керек. Балаларды салауатты өмір салтына баулу, қимылды ойындар мен спорттық сайыстарға қатыстырып балалардың салауатты өмірге деген жағымды көзқарасын қалыптастыруымыз керек – деді.

2. Екінші сұрақ бойынша Ішкі еңбек тәртібімен балабақша меңгерушісі У. Бектыбаева таныстырды.

Қазақстан Республикасының заңының талаптарына сәйкес бекітілген ережелердің мақсаты-мектепке дейінгі мекеме ұжымының тиімді ұйымдастыруға ықпал ету, еңбек тәртібінің нығайту жолдарымен таныстырылды. Баяндама оқылды. Балабақшада мектепке дейінгі жастағы балалардың оқу тәрбие жұмыстары ұйымдастырылады.

Оны ұйымдастыратын жағдай жасайтын осы ұжымның барлық қызметкерлерінің атқаратын өз міндеттері бар. Әрбіріңіз өз лауазымды міндет бойынша міндеттеріңізбен танысып оны орындаймын деп растау үшін өз қолдарыңызды қойыңыздар. Қол қойған уақыттан бастап ең әуелі бала қауіпсіздігі мен денсаулығына жауап береміз. Және де ішкі еңбек тәртіп ережесін қатаң түрде сақтауымыз керек. Ұжымда сіздерден жауапкершілікті, ұйымшылдықты, еңбекқорлықты, бірлік пен ынтымақтастықты көрем деп сенемін. Және сондай болуын талап етемін. Келешек ұрпақ тәрбиесінде аянбай еңбек етіп, ата-аналардың үмітін ақтап, тәжірибемізді, кәсіби шеберлікті арттырайық. Үнемі ізденіс үстінде жүруіміз шарт және де балабақшада жалпы және жеке бас тазалығын сақтап қызметке лайықты формада жүру керектігін ескертемін.

Қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен толық таныстырып кәсіподақ төрайымы Л. Басынбекованың келісімімен бекітілді.

Үшінші сұрақ бойынша: Балабақша топтары туралы анықтама, олардың сапалық құрамы туралы балабақша әдіскері Л. Басынбекова сөйледі.

Биылғы жылға жас ерекшеліктерін ескер отырып 3 топ жинақталды. Жалпы 75 бала. Онда : кіші топ (2 жастан бастап)-25 бала, ортаңғы топ (3 жастан бастап) – 25 бала, ересек топ (4 жастан бастап) – 25 бала болды.

Балалардың тізімі жасалды ҰББД қорына және Ситцен сайытына тіркелді. Балалардың қажетті құжаттары жинақталды.

Тәрбиешілермен тәрбиеші көмекшілер топқа бөлінді.

**«Бәйтерек» мад топтың тәрбиешілері :** Байтемирова Б

Көмекші тәрбиеші: Гусейнова Р.

**«Күншуақ» ортаңғы топтың тәрбиешілері :** Омарова А

Көмекші тәрбиеші: Байтемирова М

**«Балапан» кіші топтың тәрбиешілері :** Эшматова Д

Көмекші тәрбиеші: Мырзакулова М

Төртінші сұрақ бойынша **“Бала өмірі мен денсаулығын қорғау”** қауіпсіздік ережелері туралы нұсқаулық баяндама. балабақша әдіскері Л.Басынбекова таныстырды.

Балалардың өмірімен денсаулығын қорғау, олар тәуелсіз мемлекетіміздің білімді, білікті, мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу ең басты мақсатымыз. Ата-аналар өмірінің ең қымбат байлығын балаларын сеніп тапсырған соң, біз олардың өміріне тікелей жауаптымыз деп нұсқаулықты таныстырды.

#### **6. Комиссия мүшелерін сайлау.**

**1) Балабақша қызметкерлерінің жұмыс өтілін анықтау және лауазымдық жалақысын есептеу жөнінде төмендегі құрамда комиссия құрылсын.**

Комиссия төрайымы: У.Бектыбаева

Комиссия мүшелері: Басынбекова Л. – кәсіподақ төрайымы.

Дусейнова Д – есепші.

Кулшанбаева Н – тәрбиеші.

Омарова А – тәрбиеші.

Саржанов А – ш\м

**2) Жылдық жоспардың оқу бағдарламасының менгеру деңгейі бойынша оқу-тәрбие жұмысын бақылау мен басқару бөлімі бойынша тексеру комиссиясы құрылсын.**

Комиссия төрайымы: Бектыбаева Улжан

Мүшелері: Басынбекова Л, мейірбике Сайлаубаева А

**3) Балабақшадағы қызметкерлердің білім, білімділік деңгейін анықтау үшін арнайы аттестаттау комиссиясы құрылды.**

Комиссия төрайымы: Бектыбаева Улжан

Мүшелері: Басынбекова Л. Байтемирова Б.

Хатшы: Атабаева Э сайланды.

**2022-2023 оқу жылының келісім комиссиясын құрылсын, төмендегі құрамда.**

Қ.Р 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 159 бабына сәйкес.

Комиссия төрайымы менгеруші – У. Бектыбаева

Мүшелері- тәрбиеші А. Омарва

Психолог: Б. Байтемирова.

Кәсіподақ ұйымының төрайымы- Л. Басынбекова сайлансын.

**6) Арыз шағымдар жәшігіне қадағалау комиссия мүшелері:**

Комиссия төрайымы- У. Бектыбаева

Кәсіподақ ұйымының төрайымы- Л. Басынбекова

Психолог – Э. Атабаева сайлансын.

**7. Ата-аналар консультациясының** пунктіні жұмыстарын жүргізу үшін комиссия мүшелерін сайлау

Комиссия төрайымы- У. Бектыбаева

Кәсіподақ ұйымының төрайымы- Басынбекова Латифа

Психолог Атабаева Эльмира

Медбике – Сайлаубаева Айгерім сайлансын.

8. НОБД қорына және Ситцен сайтына жауапты маман тағайындау туралы Балабақшада балабақша ситцен және НОБД ,жұмыс ситцен сайтының жұмысын жүргізу қажетті құжаттары сайтқа тіркеуге жауапты маман Атабаева Эльмираға жүктелсін.

Жиналыс соңынан ортақ шешімге келіп ортақ шешім қабылданды

### ШЕШІМ:

1. Балабақша 2022-2023 оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық.
2. Ішкі еңбек тәртіп ережелеріне сай жұмыс жүргізілсін. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бойынша жұмыстар жүргізілсін.
3. Топтарға тәрбиешілер және тәрбиеші көмекшілері бекітілді және қызметін тиянақты орындасын.
4. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі өтілген нұсқаулық талаптары сақталсын.
5. Қызметкерлердің еңбек ақыларын есептеуге,  
оқу-тәрбие бөлімінің бақылау мен басқаруға,  
арыз-шағымдарды қарауға,  
келісім педагогтарды аттестаттауға комиссия мүшелері,  
ата-аналар консультация мүшелері,  
НОБД қорына және Ситцен сайтына жауапты маман Атабаева Эльмираға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы

Хатшы



У.Бектыбаева

Басынбекова Л

**ЖШС «Жарылқасын» бөбекжай-балабақшасының кезектен тыс  
өндірістік жиналыс**

Хаттама №2

Мерзімі: 06. 09.2022ж

Қатысқаны- 14

Қатыспағаны-4

Күн тәртібінде:

**«МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ**

**Қ.К.ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ  
ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ**

Тындалды: Балабақша меңгерушісі УүБектыбаева сөзге шықты.  
Ол өз сөзінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың  
«ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» атты  
жолдауымен таныстырды.  
Жолдау 2022 жылғы 01 қыркүйек күні жарияланған. Жолдауды оқып берді.

Ол өз сөзінде Жолдаудағы 5 бағдарға қысқаша тоқталып өтті.

Бірінші бағдар. Жаңа экономикалық саясат

Екінші бағдар. Нақты секторды дамыту

Үшінші бағдар. Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция.

Төртінші бағдар. Мемлекеттік басқару ісін қауіпсіз жаңғырту.

Бесінші бағдар. Заң және тәртіп.

Келесі маңызды мәселе – білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады.

Баршаңызды Парламенттің кезекті сессиясының ашылуымен

құттықтады. Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа

Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды.

Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс. Біз «Азамат – бизнес – мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз.

Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады.

Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді.

Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз.

Қазақта «Ел боламын десен, бесігінді түзе» деген сөз бар. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек. Алайда, бізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы ғана балабақшаға барады. Мұндай олқылыққа жол беруге болмайды.

Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет. Оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек. Осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуге тиіс. Олардың жұмыс жүктемесін де біртіндеп азайтқан жөн. Өзіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Сондықтан, балабақшаны емес, тәрбиешіні аттестациялау қажет.

Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды.

Мен ең төменгі жалақы деңгейін 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылдадым. Бұл шешім 1,8 миллион азаматтың табысына тікелей әсер етеді.

Біз зейнетақы жүйесін де қайта жаңғыртамыз. Зейнетақының ең төменгі базалық мөлшерлемесін біртіндеп ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызына, ал жоғарғы шегін 120 пайызына жеткізу қажет. Бұған дейін қабылданған шешімдермен бірге бұл қадам 2025 жылға қарай жиынтық зейнетақы мөлшерін орташа алғанда 27 пайызға көбейтеді.

Сондай-ақ, әлеуметтің талап-тілегін ескере отырып, әйелдердің зейнет жасын 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде қалдырамыз.

Біз 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі үшін төлемақы төлеу мерзімін сәби бір жарым жасқа толғанға дейін ұзартамыз. Балалардың ең маңызды шағында – сәби кезінде ата-аналары жанында көбірек болады.

2023 жылдан бастап, Отбасының цифрлық картасы және Әлеуметтік әмиян сияқты тәсілдерді енгізу жоспарланып отыр.

Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды.

Сонымен, биыл Президент сайлауы, келесі жылы Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді. Содан кейін Үкімет құрамы жасақталады.

Соның нәтижесінде 2023 жылдың ортасында Президент, Парламент, Үкімет сияқты негізгі саяси институттардың бәрі қайта жаңғырып, жаңарады деп атап өтті.

Әрине мемлекет басшысының жолдауын әрқашанда қолдаймыз, жұмыстар жүргіземіз деп жиналыс соңынан бір ауыздан шешім қабылданды.

Жолдау хаттамаға қоса тіркелді.

### ШЕШІМ:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 01 қыркүйек Жолдауын ұжым арасында одан әрі насихатталып, түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:  У. Бектыбаева

Хатшы:

 Л. Басынбекова



## Өндірістік кеңестің отырысы

### Хаттама №3

17.03.2023ж

Қатысқаны- 16

Қатыспағаны-3

#### КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

2.Тазалық,тамақтану,дезинфекция ережелерін сақтау,күн тәртібінің орындалу жөніндегі нұсқаулық.

3.Балабақша ауласын көгалдандыру.

Тыңдалды.Балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева күн тәртібіндегі бірінші сұраққа тоқталып өтті. Балабақшада 2022-2023 оқу жылының күзгі-қысқы жылыту мерзіміне жалпы жағдайы жақсы.Көгілдір отынның тапшылығы болмады.

2.Екінші сұрақ бойынша балабақша медбикесі Бекжан Шолпан “Топтағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы” туралы баяндады.

3.Үшінші сұрақ бойынша медбике Бекжан Шолпан

“Тазалық,тамақтану,дезинфекция ережелерін сақтау,күн тәртібінің орындалуы” жөнінде қызметкерлерге нұсқаулық оқып берді.

Баяндама қоса тіркелді.Осы тақырып бойынша балабақша әдіскері Л.Басынбекова өз ойын айтып өтті.Әр бір айтылған тақырып бойынша нұсқаулықтарға көп көңіл бөлу қажет.Өйткені көктем келіп,тіршілік атаулысы оянып әрекет жасайды.Медбикенің нұсқаулықтарын жақсылап оқып алу қажет.Дезинфекция ережелерін танысып пайдалануың мұқият қарау қажет.Ойыншықтарды жуып тазалау кезінде мұқият болуы.

Күн тәртібінің өз уақытында орындалу қажеттігін атап өтті.Жиналыстың соңынан күн тәртібіндегі 4 сұрақ бойынша сөз айтылды.



## Өндірістік кеңестің отырысы

### Хаттама № 4

Қатысқаны- 15

31.05.2023ж.

Қатыспағаны -4

#### КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
- 2.Жазғы сауықтыру кезінде балалар денсаулығын нығайту шаралары.
- Іш ауруларының алдын алу.Мейірбикенің кеңесі.
- 3.Жазғы жөндеу жұмыстары туралы.

Бірінші сұрақ бойынша өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева өз сөзін айтып өтті.

Халқымыз бола тәрбиесіне қашанда ерекше мән берген.Өйткені,бола өміріміздің жалғасы.Сондықтан бүгінгі таңда балалардың өмірін қорғау біз үшін үлкен жағдай.Мектепке дейінгі тәрбие және оқытуды заманауи талаптар деңгейінде жүргізу мақсатында балабақша топтары керекті жиһаздарымен толықтырылып оқу-дидактикалық материалдар,әдістемелік құралдар алынды.Әрбір топтағы заттың дамыту орталары,ойыншықтармен,спорт құралдарымен,ұйымдастырылған оқу әрекетіне қажетті материалдармен толықтырылды.Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау.Олардың тәуелсіз мемлекетте білімді,білікті,мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу-біздің басты мақсатымыз деп өз сөзін аяқтады.

Екінші сұрақ.Жазғы сауықтыру кезінде балалар денсаулығын нығайту шаралары туралы балабақша әдіскері Л.Басынбекова сөз кезегін алды.

Әрбір мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы өзекті мәселелер бала денсаулығын нығайту және шынықтыру,балалардың танымдық қабілеттік психофизикалық денсаулығын сақтай отырып дамыту,ата-аналардың арқасында педагогикалық ағарту жұмысын белсендіру ата-аналардың бала тәрбиесіне айтар болсақ,балалар өмірі қауіпсіздігі мәселесіне арнап тарту.Жазғы сауықтыру мерзімін саналы жүргізу және педагогтар құзыреттілігін арттыру мәселелеріне арналды.

Балалардың спортқа деген құштарлығын ояту мақсатында спорттық және еңбек жарыстарын өткеру керек. Таңғы жаттығуларды үзбей бала бойына тазалықты сіндіру керекпіз.

Балабақша психологы Э.Атабаева сөз кезегін алды.

Мінекей, жадырап жаз мезгілі келді. Бүлдіршіндерімізді жазғы шынықтыру шаралары арқылы балалардың денсаулығын нығайту шараларын ұйымдастыруымыз керек. Сондықтан да баланың қоршаған ортаны жақсы тануына, жақсы тәлім-тәрбие алуына ықпал жасауымыз керек.

Балабақша тәрбиешісі А.Омарова сөз кезегін алды.

Жаз мезгілінде балаларымыздың өмірлік денсаулығына көп көңіл бөлуіміз керек. Әр баланы мұқият бақылауымыз шарт. Балалар бақшасының балалармен, саяхаттарды, серуендерді ұйымдастыру мен өткізу ережелері бойынша көптеген нұсқаулықтарды жатқа білуіміз керек. Балалардың өмірі мен денсаулығына және серуендеу мен экскурсияның қауіпсіз өткізілуіне толық жауап береді. Тәрбиеші балалар серуендейтін орында алдын-ала тексеріп, балалар үшін қауіпті заттардың болмауын қадағалайды.

Учаскіде балалар үшін қауіпті заттар болмауға тиіс: әйнек, сым, шеге, тас, тікені бар ағаш бұтағы заттарды алып тастау керек. Серуенде алдында барлық жабдықтардың беріктігін тексеру, алып жүру (қауіпсіздігі), ойыншықтар таза әрі қауіпсіз болуы керек. Серуендеу кезінде балаларды 2 ересек адам сүйемелдеуі тиіс. Серуенге шыққанда балалардың уақыт сәтімен оларды санап тұру керек. Өзімен бірге алғашқы медициналық көмек көрсету қарап шашын алып жүру керек. Көлік қозғалысы көп көшелерде жүрмеу керек. Қауіпсіздік шараларын ескертті.

Балабақша тәрбиешісі Б.Байтемирова сөз кезегін алды.

Жаз мезгілінде балаларды сауықтыру кезінде денсаулығын нығайтуда ойын түрінде қызығушылығын арттырып, ынталандыру керек. Ойын кезінде, оқу-тәрбие процесінде серуенде, тамақтануда жалпы үнемі сақ болуы шарт. Сондықтан балалар арасында достық қарым-қатынасты орнатуда жағдай жасауымыз керек. Ата-аналармен бірігіп жұмыс жүргізу керекпіз түрлі эстафеталық жарыстар ұйымдастыруымыз керек.

Үшінші сұрақ. Іш аурудың алдын алу тақырыбында балабақша мейірбикесі Ш.Бекжан баяндама оқыды.

Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұжымының деректеріне қарағанда әлемде жыл сайын қауіпті және жұқпалы ішек ауруларынан іш сүзегі, дизентерия, паратиф. Бес миллиондай адам өледі екен. Осы іш ауруларының ошағы-сол кеселге шалдыққан адам, бактериямен вирус тасымалдаушылардың ішінде іш аурулардың айрықша белгілері немесе жеңіл желпі ауырған адамдар өте қауіпті. Ондай адамдарды әдетте медицина орындарына барып көрінбейді.

Сондықтан дәрігерлердің назарынан тыс қалады да қатерлі дертті таратушы болып жүре береді.

Жаз айларында барлық жерде іштің сұйылып кетуі көбейіп кетеді. Бұдан әсіресе нәрестелер мен сәбилер жиі зардап шегеді. Іштің сырқырап сұйылып өтуінің салдарынан балалар су мен тұзды көп жоғалтады. Сәбилердің көпшілігі бұны көтере алмайды. Өліп кетуі мүмкін. Іші өткен, құсқан сәби қарнының ашқанын да білмейді. Өйткені тамаққа тәбеті болмайды. Сол себептен баланы өз уақытында тамақтандырған жөн.

Емшек еметін болса, жиі емізген дұрыс. Сәбиге күріштің қайнатпасын сорпа не болмаса сұйық майды молынан ішкізу керек. Іші өткен балаға міндетті түрде регидрон береді. Бұл дәріні балалар емханасынан немесе дәріханадан алады. 3 жасқа дейін балалардың іші өткен сайын 50-100мл сұйық ішуге, ал ересек балалар бұдан да көп ішу керек. Аурудың белгілері. Дене қызуы көтеріледі. Дәретке жиі барады, жүрегі айныйды, мазасызданып жемейді. Көзі шүңірішіп, еңбегі төмен түседі. Осы белгілері болса баланы тез арада емханаға жеткізу қажет. Керекті дәрі-дәрмекті қолданылу қажет екенін мейірбике баяндап берді.

4. Төртінші сұрақ. Жазғы жөндеу жұмыстары туралы.

Жөндеу жұмысы туралы шаруашылық меңгерушісі А.Саржанов өз жоспарларын айтып өтті. Бүгінгі таңда 2022-2023оқу жылының жоспары түзілген. Әрине, жөндеу жұмысы айтар болсам әр аптада жеңіл әктеу жұмысы жүруде, әктеу, жуып шаю және ағаш отырғызу сияқты жұмыстар жүргізіп, ауданның білім бөліміне мәлімет тапсырып жатыр. Әр аптаның жұмысына жоспар түзіп осы бойынша жұмыс жүргізуде. Ортаңғы топтың күрделі жөндеу жұмысын маусым айында бастаймыз деген бар-деп өз ойын баяндады.

Балабақша әдіскері Басынбекова Л.

Міне, табиғат-ана өзіндік бір әсем күйге енген жаз мезгілі де жақындап келеді. Әр жыл мезгілінің өзінің кереметі бар. Жаз мезгілін жыл сайын асыға, сағына күтетін себебіміз, біріншіден ол жеміс-жидегі мол дастарханы. Алтынға бөленген табиғаттың кереметін айтсаңшы.

Сол себепті 1 маусым балаларды қорғау күнін біз ерекше күтіп алуымыз керек. Осы мерекеге ерекше дайындық жасап өткеру керекпіз-деп ойын білдірді.

Балабақша мейірбикесі Бекжан Шолпан сөз кезегін алды.

Жаз мезгіліндегі жөндеу жұмысы өз ретімен өткіземіз. Сонда да айтарым әр топта рет-ретімен әктеу, сырлау жұмыстарына ауызбіршілікпен бірге атсалысып жұмыс атқарайық. Балабақша ауласында арапшөптен тазартып, гүлдерге күтім жасалып тұру керек. Тазалық адам денсаулығына өте пайдалы. Сөз соңынан айтарым жазғы жөндеу жұмыстарына айтылған пікірлерге толық қосыламын. Жазғы жөндеу жұмысы туралы ой-пікірлерім толық қосылып ортақ шешім шығарылды.

## ШЕШІМ:

1. Өткен кеңестердің шешімдері орындалуда.
2. Жазғы сауықтыру кезінде балалардың денсаулығын нығайту шаралары туралы жоспар түзіліп бекітілсін. Әдіскер Л. Басынбекова және мейірбике Ш. Бекжан жүктелінсін.
3. Іш аурудың алдын алу шаралары жүргізілсін. Жауапты медбике Бекжан Ш.
4. Жазғы жөндеу жұмысы орындалсын. Шаруа меңгерушісі А. Саржанов жүктелінсін.

Жиналыс төрайымы:  У. Бектыбаева

Хатшы: 

Л. Басынбекова

